



«ҮШБҰЛАҚТАҒЫ» БАЛЫҚТАР
НЕДЕН ҚЫРЫЛУДА?

3



МОРАТОРИЙ
МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

6



JAMBYLTARAZ

№28 (2044) 10 сәуір 2026 жыл, жұма

Қоғамдық-саяси газеті

1996 жылдың 16 ақпанынан бастап шығады

► КЕЛІСІМ КӨКЖИЕГІ

ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

Жамбылда энергиялы материалдар өндіретін екі зауыт салынады



2

► «ТАЗА ҚАЛА, ТАЗА БОЛАШАҚ!» БАЙҚАУЫНА

ШАҒАР ҮШІН
ЕҢБЕК ЕТКЕН
ЖАЗБАЙ БЕЛ,
АДАЛДЫҚПЕН
ТӨГІЛІП ЖҮР
МАҢДАЙ ТЕР



4-5

Көне шаһардың
бас басылымына —
30 жыл



► ҚҰНДЫЛЫҚ



ТАРАЗДА ӨНЕР МЕН ДӘСТҮР ЖАҢҒЫРАДЫ

Құрметті Тараз қаласының тұрғындары мен қонақтары!

Ағымдағы жылдың 23-24 сәуірі күндері «Көне Тараз» тарихи-этномәдени кешенінде «Тараз – қолөнершілер қаласы» атты Халықаралық қолөнершілер фестивалі өтеді.

Ұлттық фестивальді өткізудегі негізгі мақсат – өнердің туристік имиджін көтеру, отандық қолөнершілерді халықаралық деңгейде танымал ету, шетелдік және жергілікті қолөнершілер арасында достық қарым-қатынас пен ынтымақтастық орнату, тәжірибе алмасу, сондай-ақ, кенже қалып бара жатқан ежелгі қолөнер түрлерін сақтау және қайта жаңғырту.

Фестивальға шетелден (Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан), көрші өңірлерден (Алматы, Түркістан) келетін және жергілікті 100-ден астам шебер қатысады.

Ауқымды іс-шара аясында көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлау мақсатында «Тараз – қолөнершілер қаласы. Дәстүр мен заманауи қолөнер» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция, қолөнер бұйымдарының көрмесі мен шеберлік сағаттары, «Менің әлемім: қиял мен шынайылық» атты жас қолөнершілер мен суретшілердің көрмесі ұйымдастырылады.

2

ЖАЗЫЛЫМ –
2026



KAZPOST

6 АЙ 12 АЙ

Қала 4 453.50 тг 8 907.00 тг

Ауыл 6 804.06 тг 13 608.12 тг

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ
ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 АЙ – 3000 тг
12 АЙ – 6000
«Қыран Пресс» 6 АЙ 3 900 12 АЙ 7 800
«Тараз Пресс» 4 000 8 000

Жазылым индексі: 65605

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ:

45-62-65 8 747 545 4566

▶ ЗАҢ МЕН ЗАМАН

АДАЛДЫҚ – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ТІРЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «2022-2026 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» тұжырымдамасында көзделген іс-шараларды толық көлемде іске асыру – барлық мемлекеттік органның басты міндеттерінің бірі. Бұл қоғамда әділдік қағидаттарын орнықтырып, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды бастама екені сөзсіз.



Ел Президенті халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсерін тигізетін салаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін дер кезінде анықтау, олардың алдын алу және осы құбылысқа себеп болатын жүйелі мәселелерді жою қажеттігін ерекше атап өтті. Сонымен қатар

ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының сапасын арттырудың маңыздылығына тоқталды.

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Тараз қаласы әкімдігі тарапынан жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

бағытында 27 іс-шара ұйымдастырылды. Оның ішінде 8 бейнеролик түсіріліп, 4 байқау, 4 дөңгелек үстел, 2 тарапта материал әзірлеу, 2 тәрбие сағаты, 3 кездесу және 4 турнир өткізілді.

Қала әкімдігіне қарасты мекемелерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мазмұндағы жадынамалар мен 1424 сенім телефоны туралы ақпараттар орналастырылып, бөлімдерде арнайы ақпараттық постерлер мен арыз-шағым жәшіктері қойылды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою мақсатында ішкі талдау жүргізу тетігі кеңінен қолданылып, алдын алу бағытындағы стандарттар енгізілген. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде өз жалғасын табады.

Бақытжан ОРЫНБЕКОВ,
Тараз қаласының әкімі

▶ ТҰСАУКЕСЕР

«ЖАРЫҚ СӘУЕ» ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Ш.Уәлиханов атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында көрнекті қаламгер, айтыскер-ақын Шорабек Айдаровтың «Жарық сәуе» атты жаңа жыр жинағының салтанатты тұсаукесері өтті.

Рухани кешке өңірдің зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар, мәдениет және өнер қайраткерлері, сондай-ақ әдебиетсүйер қауым қатысты.

Іс-шараның ашылуында Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Серік Сәлемов сөз сөйлеп, авторды жаңа туындысының жарық көруімен құттықтады.

Кеш барысында қатысушылар ақын шығармашылығының ерекшеліктеріне тоқталып, оның ұлттық рухты, адамгершілік пен ізгілік құндылықтарын насихаттаудағы еңбегін жоғары бағалады. Ақынның замандастары мен әріптестері – белгілі журналист Әбділда Сәрсенбиев, жазушы Кесемәлі Сәттібайұлы, айтыскер-ақын Ербол Қамбатыров және өзге де зиялы қауым өкілдері сөз алып, «Жарық сәуе» жинағының мазмұны мен маңызына кеңінен тоқталды.



Өз кезегінде Шорабек Айдаров оқырмандарына алғысын білдіріп, жаңа жинақтың жазылу барысы мен шығармашылық ізденістері туралы ой бөлісті.

Кеш барысында ақын шығармаларынан үзінділер оқылып, арнайы музыкалық бағдарламалар ұсынылды.

Еркін САЙЫН

▶ ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

Жамбылда энергиялы материалдар өндіретін екі зауыт салынады

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев пен «Bagys Dynamics» холдингінің басшысы Айбек Барыс өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Құрбанәлі

ШАХАБАЙ

Кездесу барысында тараптар өнеркәсіп және қорғаныс-өнеркәсіп кешенінде сұранысқа ие өнімдер шығаратын жоғары технологиялық өндірістік кешен салуды көздейтін инвестициялық жобаны іске асыру мәселелерін талқылады.

Жоба төрт кезеңде жүзеге асырылады. Нәтижесінде шамамен 1 100 жаңа жұмыс орны құрылады деп жоспарлануда. Бұл халықты жұмыспен қамтуға оң әсерін тигізіп, жергілікті мамандардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік



береді. Жалпы инвестиция көлемі 450 миллиард тенгені құрайды.

Басқосу барысында болашақ өндірістің инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ экологиялық және өнеркәсіптік

қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Кәсіпорын халықаралық стандарттарға сай жұмыс істеп, заманауи технологиялық шешімдерді қолданатын болады.

▶ ТАҒАЙЫНДАУ

Марат Естаев Тараз қаласының прокуроры болып тағайындалды. Марат Мұратханұлы 1984 жылғы 21 қыркүйекте Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылында дүниеге келген. 2005 жылы М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін тәмамдаған.

МАРАТ ЕСТАЕВ – ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ПРОКУРОРЫ

Еңбек жолын 2005 жылғы қазан айында Алматы қаласы әкімдігінің «Алматыжер» мемлекеттік кәсіпорнының бөлімінде бастаған.

2008 жылғы қаңтардан 2010 жылғы ақпанға дейін «Мойынқұм Сервис» ЖШС-де экономика жөніндегі директордың орынбасары;

2010-2011 жылдары Шу ауданаралық прокуратурасының іс жүргізуші, Қордай ауданы прокурорының көмекшісі;

2011-2013 жылдары Шу ауданаралық прокуратурасының көмекшісі, аға көмекшісі болған.

2013 жылғы наурыздан бастап облыс прокуратурасының түрлі бөлімшелерінде әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеген.

2016 жылғы тамыздан 2022

▶ ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ



жылғы қазанға дейін Шу ауданаралық прокурорының және Байзақ ауданы прокурорының орынбасары, 2022 жылғы қазан айынан бастап ағымдағы жылдың сәуір айына дейін Жамбыл ауданының прокуроры қызметін атқарды.



ТАРАЗДА ӨНЕР МЕН ДӘСТҮР ЖАҒҒЫРАДЫ

Одан бөлек сән мен дәстүрді тоғыстыратын «ASPARA FASHION WEEK» халықаралық сән апталығы, «Гиннес» рекордтар кітабына енген киіздің жанында «Dombuqa Party» іс-шарасы, ұлттық нақыштағы киімдердің сән көрсетілімі және өнер жұлдыздарының гала-концерті өтеді.

Фестивальге қатысушы қонақтарға көрме бұйымдарын сатып алуға және Тараз қаласындағы тарихи-мәдени орындарға экскурсия жасауына толық мүмкіндік қарастырылған.

Келіңіздер! Көріңіздер!

Тараз қаласы әкімдігі

ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУЛАР ӨТКІЗІЛЕДІ

14.05.2026 ж. сағат 15:00-де Жамбыл облысы, Шу ауданы, Белбасар ауылы, А.Шалибекұлы көшесі, №67 әкімшілік ғимаратында, Жамбыл облысы, Шу ауданындағы «Тассу» топырақ қоры кен орнының тау-кен жұмыстарының жоспарына арналған экологиялық рұқсат алу материалдарына қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Бастамашы – «ПК Шымкентдорстрой» ЖШС, мекенжайы: Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Манкент а., Бірлік, көш. №45, БСН 931240000687, тел.: +77052510030, pkshds@mail.ru.

Әзірлеуші- ЖК Сыдыкова Н., мекенжайы: Шымкент қ., Қ.Төлеметов көш. 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru.

Жобалық құжаттамамен танысу ndbecology.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk> карауға және қосымша ақпаратты 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru арқылы алуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz қабылданады, құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда ескертулер мен ұсыныстар "ЖО ТР және ТП РБ" КММ-не мына мекенжай бойынша қабылданады: Тараз қ., Абай көш, №133-А үй, s.agabek@zhambyl.gov.kz, тел.: 8 (7262) 45-45-78. Онлайн Qosul-дағы кездесуге қосылу: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=921181536000>. Кездесу идентификаторы: 921-181-536-000. Кен орнының және әсер ету аймағының географиялық координаттары: 43°23'24,50649", 74°01'45,05621".

ПРОВОДЯТСЯ ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

14.05.2026 г., в 15:00 по адресу: по адресу: Жамбылская область, Шуский район, с. Белбасар, ул.Азимбай Шалибекулы, 67 (здание акимата) проводятся общественные слушания по материалам для получения экологического разрешения для плана горных работ месторождения грунтовых резервов «Тассу» в Шуском районе Жамбылской области.

Инициатор- ТОО «ПК Шымкентдорстрой», адрес: Туркестанская область, Сайрамский район, с.Манкент, ул.Бирлик, 45, тел.: +77052510030, pkshds@mail.ru. БИН 931240000687.


Разработчик- ИП Сыдыкова Н., адрес: г.Тараз, ул.Абая, дом № 133-а, s.agabek@zhambyl.gov.kz, тел.: 8 (7262) 45-45-78. Идентификатор встречи: 921-181-536-000. Подключиться к встрече в Qosyl: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=921181536000>.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале ndbecology.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=kk>. Дополнительную информацию можно получить по номеру и эл.адресу: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru, а также замечания и предложения принимаются на информационную систему ndbecology.gov.kz, в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в КГУ «УПР и РП ЖО» по адресу: г.Тараз, ул.Абая, дом № 133-а, s.agabek@zhambyl.gov.kz, тел.: 8 (7262) 45-45-78. Идентификатор встречи: 921-181-536-000. Подключиться к встрече в Qosyl: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=921181536000>. Географические координаты участка и территории воздействия: 43°23'24,50649", 74°01'45,05621".

▶ АҚ ПЕН ҚАРА

«ҮШБҰЛАҚТАҒЫ» БАЛЫҚТАР НЕДЕН ҚЫРЫЛУДА?

Таза табиғат, жасыл желек пен мөлдір су – баршамызға ортақ қазына. Оны көздің қарашығындай сақтау – бүгінгі ұрпақтың ғана емес, келер буын алдындағы да жауапкершілігі зор міндет. Бұл бағытта көне шаһарда соңғы жылдары түрлі экологиялық бастамалар қолға алынып келеді.



Құрмаш

ҚАПТАҒАЙ

Мәселен, былтыр «Үшбұлақ-2» су айдынына 2 тоннадан астам ақ амур, сазан және өзге де шөпкөректі балықтар жіберілген болатын. «Алтын бұлақ» балық шаруашылығы мен «Жасыл ел-Тараз» мекемесінің бірлесуімен жүзеге асқан бұл жоба сол кезде көптің көңілінен шығып, үлкен үміт тудырғаны рас. Әсіресе, «су санитары» аталып кеткен ақ амурға артылған сенім ерекше болды. Себебі, бұл балық түрі балдырмен қоректеніп, суды табиғи жолмен тазартуға қабілетті екені белгілі. Демек, жоба сәтті жүзеге асса, су сапасы жақсарып қана қоймай, қаланың бүкіл экожүйесі жаңарып, жағалау бұрынғыдан да көркейе түсуге тиіс еді. Алайда, арада көп уақыт өтпей жатып, сол сенімге селкеу түскендей. Оған себеп – күні кеше әлеуметтік желіде тараған бейнежазба. Онда су айдынында өліп жатқан балықтардың көрінісі анық байқалады. Осыған байланысты біз «Жасыл ел-Тараз» серіктестігіне арнайы қайырылдык. Мекеменің аппарат басшысы Алматы Радикұлының айтуынша, жағалауда жалпы саны 100-ден аса балық пен 1 ақу өлі күйінде табылған екен.

– Тіршілік иелерінің жаппай қырылу дерегі бойынша құқық қорғау органдарына, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына және экология мамандарына ресми түрде жүгіндік. Алдағы уақытта аталған жағдайға байланысты кешенді тексеру жұмыстары жүргізіледі. Жауапты мамандар оқиғаның нақты себеп-салдарын анықтап, су айдынының жағдайына сараптама жасайды. Тексеру барысында балықтардың қырылуына әсер етуі мүмкін барлық фактор жан-жақты зерделеніп, тиісті қорытынды шыққан соң, заң аясында қажетті шаралар қабылданады, – дейді аппарат басшысы.

Бұған қатысты тұрғындардың да өз айтары

бар. Мәселен, тараздық Нұржан Қалиев бұл мәселеге жергілікті халықтың да кінәсі бар деп санайды.

– Өзім жағалау маңында тұратындықтан ондағы жағдайды күнделікті көріп жүрмін. Шыны керек, қазір кей тұрғындар тұрмыстық қалдықтарды бей-берекет каналға тастай салуды әдетке айналдырып алған. Қоқыс пакеттері, пластик бөтелкелер, өзге де түрлі қалдықтар судың ішінде үнемі қалқып жүреді. Жағалауға жақындаудың өзі кейде мүмкін болмай қалады. Өйткені, каналдан шығатын жағымсыз иіс қолқаны қапқаны соншалық, одан балық түгілі, адамның өзі уланып қалатындай әсерде боласын. Судың түсі де батпаққа ұқсап, лайланып, тіршілікке қолайсыз ортаға айналып бара жатқандай.

Осы ретте су айдынының тазалығы мен күтімі тиісті сала мамандары тарапынан жеткілікті деңгейде бақылауда емес пе деген де ой туындайды. Егер тұрақты түрде қадағалау жүргізіліп, алдын алу шаралары дер кезінде қолға алынғанда, бәлкім мұндай жағдай туындамас па еді?! – деп іш қынжылысын жеткізді зейнеткер.

Тұрғынның бұл сөзі аталған бейнежазбаға пікір қалдырып жатқан желі қолданушыларының ойымен де толықтай үндеседі. Олардың дені өз пікірлерінде каналдың уақытылы әрі дұрыс тазаланбайтынын, кейбір жеке тұрғын үйлердің иелері кәріз құбырынан шығатын лас суды осы жағалауға қарай төгетінін алға тартуда. Әрине, нақты себепін сараптама қорытындысы анықтай жатар. Біз де байыбына бармай жатып, байбалам салудан аулақпыз. Әйтсе де, осы келеңсіз жағдай келешекте жауапты сала мамандарына да, жергілікті тұрғындарға да сабақ болар деген үміттеміз.



▶ ЕРЛІК

Екінші сәуір күні Меркі ауданы, Ақтоған ауылы Амангелді көшесінде алапат өрт болды. Екі қызы, үш ұлы бар Шөпшекбаевтардың еңселі отауы отқа оранды. Түнгі сағат он бір жарымда бірі «Меркі шипажайында», бірі аудандық жедел жәрдем қызметінде еңбек ететін, бірі аудандық «Қазтелеком» мекемесінде істейтін Данияр Тұрпанов, Ришат Ахмеджан және Ернар Қыдыралы бейбіт күнде төрт адамның өмірін сақтап қалған бүгінгіңіз Батырлары десе болады.

БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ



Данияр ТҮРПАНОВ

Ернар шұғыл аудандық өрттен қорғау бөлімінде телефон шалып, жігіт ағасы Данияр болса ауылдың топтық желісіне ұялы телефон арқылы «Үй өртеніп жатыр, келіңіздер, құтқарайық» деп шырылдай ауылды көтеріп бір отбасын, тура сөзбен айтқанда бақилықтан құтқарып қалды.

Ал әлеуметтік желі арқылы хабардар болған жандар қарасы біз келгенде қарақұрым екен. Ауылдың учаскелік инспекторы да дабылып қосып осында тұр. Түнгі он бір жарымда шұғыл хабар алған аудандық өрт сөндіру қызметі де жанұшыра жетіп, өртті сөндіруде.

Бұған дейін теледидардан көргеніміздей, Түлкібас ауданында тірідей он төрт адам бірнеше отбасы мүшелері жанып кеткені, оның ішінде тоғыз баланың опат болуы төбе шашымызды тік тұрғызып, қабырғамызды қайыстырған еді. Олар қуаныштарын тойлап келіп, ұйықтап қалып, есік терезелердің ашылмай қалуынан мерт

далануға берілген ауыз су жүйесінде осындай төтенше жағдайда тікелей су алуға болатын құрылғы қалдырылып, негізгі суды өрт көлігі содан алып, насос арқылы атқылатып жатыр екен.

– Уф,-дедік. Сонымен өрт сөндірушілердің ілкімді, шебер қимылдарының арқасында өрт ауыздықталды.

Осы оқиғаны бүге-шігесіне дейін тәптіштеп жазғанымыз, өрт сөндірушілердің өз істеріне адалдығы, кәсіби шеберлігіне риза көңілімізді білдіру.

Иә, «Жамбыл облысының төтенше жағдайлар департаменті Меркі ауданы төтенше жағдайлар бөлімі» Республикалық мемлекеттік мекемесі №9 Өрт сөндіру бөлімінің басшысы, азаматтық қорғау подполковнигі Асхат Абдраимовқа да ауыл қариялары атынан алғысымызды білдірдік.

– Біздің басты мақсатымыз халық үшін қалтқысыз қызмет ету. Елдің тыныштығы мен төтенше жағдайларды болдырмау, алдын ала



Ришат АХМЕТЖАН

сактандыру. Сіздердің ризалықтарыңыз бізге күш береді. Сол күні, екінші сәуір күні болған өртті №4 Қарауыл жеке құрмаш өшірді, – делі басшы.

– Бес минут қой. Сол үш жігіт шырт ұйқыдағы бізді оятып, терезені сындырып далаға шығарды. Сол кезде өрт ісіне айтарлықтай улаңып қалған екенбіз. Бізді шығарған соң өрт өршілді. Шатыр опырылып түсті. Жағдайға бейжай қарамай қоршаудан қарғып түсіп, қапқаны ашып, көмек көрсеткен ауылдың үш азаматына, ауданның өрт сөндіру қызметінің қызметкерлеріне айтар алғысымыз шексіз. Бес минут деген де қас-қағым сәт қой. Сол бес минут біздің тағдырымызды шешті, – дейді жанары жақса толған отанасы Гүлнұр балаларын құшақтап.

Иә, от – тілсіз жау. Сондықтан әр отбасы, әр адам табиғаттың шатақ мінезіне сақ болуы керек. Ендігі сөз сол бүгінгі күннің батырларында.

– Түнгі сағат он бірден асқан. Үйге жақын дүкеннен бір зат қажет боп келсем жабық екен. Е, Бейбіт пен Ғабит ағалардың дүкеніне бара салайын деп орталық көшемен шығысқа қарай келе жатсам алдымнан жарық көрінді. Жақындағанда көше киілысынан бір көлік өтіп тоқтады. Көше бұрылысына жақындасам үйде жарық жоқ. Бірақ от лапылдап жатыр. Ана көліктен екі жігіт шығып отқа қарап тұр. «Әй, жігіттер неге қарап тұрсыңдар. Үй өртеніп жатыр ғой!» деп ем, жігіттің бірі Ернар қоршаудан қарғып түсіп, қапқаны ашты. Жанып жатқан жиһаз жалынға оранып, мен есікті ашып «кім бар, үй өртеніп жатыр» деп айқай салдым. Есікті ашып дел-сал күйде Димаш ағам шықты. Ес-түссіз қалғандай «Үйде адам бар ма?» дедім. «Бар» деп есікке ұмтылғанда шатыр опырылып түсіп есік ашылмай қалды. Жылдамдатып күнбатыс жақтағы терезені сындырып ішке кірдік. Ришат пен Ернар келесі терезені сындырып ішке еніп, шырт ұйқыдағы екі баланы терезеден маған әперді. Гүлнұр әпкемізді де терезеден шығарып, тосып алдық, – дейді бейбіт күннің батырлары.

Сөйтіп үш жігіттің арқасында бір отбасы, ауыр қайғыдан аман қалды. Солар арқылы ауыл да жиналып, өрт сөндіру қызметі де жедел жалынды ауыздықтады.



Ернар ҚЫДЫРАЛЫ

болған. Мұндай жақынның болуы мүмкін деп ойламаушы едік. Ал бұл жағдайда қолыңнан келер көмек жоқ. Тек көрермен болып қалады екенсің.

Тілсіз жаумен өрт сөндіру қызметінің мамандары жан-тәнімен күресіп жатыр. Айналадағылардың бәрінің қолдан келер шарасы жоқ! Өрт сөндірушілердің ісін сырттан ғана қадағалаудамыз. Олардың кәсіби шеберліктеріне риза боп тұрмыз. Сасқалақтау да жоқ. Дауыс шығару, әбігерлік те жоқ. Кәсіби маман екендіктері көзге ұрып тұр. Өрт сөндіру көлігіндегі су айдаушыдан (насос) толқынды суды бір қызметкер, жалынға ораған шатырдың екінші жағынан жібермей, отты өршітпей тұр. Екінші беттегі әріптесі шатырдың жалынға оранған жағынан отты өшіруде, бір өрт көлігінен келген арнайы шланг арқылы су үйге жақындағанда үшке бөлініп, өрт қызметкерлері жалынды үш жақтан су шашып еңсеріп, жарты сағатқа жеткізбей ауыздықтады. Біз сыртта тұрып, өрт сөндірушілердің ың-шыңсыз, бір-бірін түсініп, жерге құлап түскен өртке оранған құрылыс материалдарын сөндіріп, бірі электр желісін жүйеден ағытып қауіпсіздіктің бар шарасын жасап жатқандарына дән риза болдық. Іштей «су таусылып қалмаса екен» деп тұрмыз. Үйден терезені сындырып, жоғарыда тілге тиек еткен бүгінгіңіз батырлары алып шыққан 4-5 жасар, он-он бірдегі екі ұлын құшақтаған ата-аналары етектері жасқа толып, кірелі-шығалы есте. Көшеге шықсақ өткен жылда ғана пай-

Ләззат СЕРІКБАЙ,
журналист,
Меркі ауданы

▶ ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

ШАҒАР ҮШІН ЕҢБЕК ЕТКЕН ЖАЗБАЙ БЕЛ,

Таңертең ертемен оянып, жұмысыңызға бара жатқанда көшенің айнадай жарқырап, шаһарға сән беріп тұрғанын, алуан гүлзарларға көз тастаймыз. Сол гүлдердің қауыз жаруы, тал дарақтың ретімен өсіп тұрғаны, көшенің айнадай жарқырауы – барлығы тазалық сақшыларының табанды еңбегінің жемісі.

Жұматай

КӨКСУБАЙ

Ал қыста түнімен жауған ақ ұлпаны таң қылаң бере, қарапайым адамдар тазалап жатқанын көреміз. Олар – біреуміздің ардақты әкеміз, аяулы анамыз, ақжүрек ағамыз, бауырмал әпкеміз, қаны бір қарындасымыз, жаны жан бауырымыз. Осынау еңбек адамдары туралы ауыз толтырып мақтау айтқанмен, шын мәнінде олардың еңбегін бағалауда көбінде кенже қалып жататынымыз жасырын емес. Мәселен, тұрмыстық қалдықты коқыс жәшігіне тастамай, кез келген жерге лақтырған кезіңіз болған шығар. Әрине, ешкім де «жоқ, олай істеген емеспін» деп айта алмасы анық. Енді сол сіз лақтырып кеткен затыңызды сіздің әкеңіз бен анаңыздай адам жинап әкетуге мәжбүр.

Табиғаттың мінезі бір қалыпта тұрған ба? Кейде, далада ат құлағы көрінбейтін ақ боран, ал сіз жылы кабинетте отырсыз. Ал жаздағы күннің өзі құлағыңыздың түбінде тұрғандай сезілетін, ми қайнаған ыстықта, сіз салқын бөлмеде, жайлы орындықта демалып отырсыз.

бапталып, қала көшелері мен саябақтарын көріктендіруге дайындалады. Қазіргі таңда бұл жылыжай қала аумағын өз гүлдерімен толықтай қамтамасыз етуге қауқарлы. Бұл үшін мұнда 12 тұрақты жұмысшы еңбек етіп, өсімдіктердің сапалы әрі уақытылы өсіп-жетілуін қамтамасыз етуде екен.

Осыдан кейін біз темір тұлпардың тұмсығын қалада адамдар жиі шоғырланатын «Жеңіс» саябағына бұрдық. Жол қысқарсын деді ме Айдын аға әңгімені өзі бастап кетті.

– Жұмысымыз таңғы сағат бесте қала көшелерін арнайы су шашатын техникалар арқылы жол жамылғыларын жуудан басталады. Таңғы сағат 8:00-9:00 аралығында мекеме қызметкерлеріне арнайы тапсырмалар беріліп, жұмыстар бөліске салынады.

Көктем шыға сала тал-дарақ отырғызу науқаны қыза түседі. Жаңа көшеттер егумен қатар, бұрыннан бар ағаштар күтіп-баптанып, қураған, ауруға шалдыққан бұтақтар кесіліп, ретке келтіріледі. Сонымен бірге мекеме қызметкерлері гүлзарларды баптап, көгалды күтіп, қаланың жасыл белдеуін сақтауға ерекше көңіл бөледі.

Жаз мезгілінде көгалдарды суару мен шөп шабу



Бірден көлігін тоқтатқан Айдын мырза сол орынды телефон камерасына түсіріп алып, әлдекімдерге хабарласып, тиісті тапсырма беріп жатты. Көлігіне қайта жайғасқан ол: «Қаладағы кейбір мекеме өкілдері жауапкершілікке мән бермей, өз жұмыстарын аяқсыз қалдырады. Дұрыстап кетсе ештеңелері кетпейді ғой. Ал мұндай салғырттықтың салдарынан ертең сын бізге айтлады», – деп кейіді.

Өз

мекемесінің қызметкерлері таңның атысынан күннің батысына дейін тыным таппай, шаһардың әр бұрышында дезинфекциялау жұмыстарын жүргізіп, тұрғындардың қауіпсіздігі үшін аянбай еңбек еткенін білеміз. Президенттің бұл марапаты бір ғана адамға емес, саладағы барлық қызметкердің еңбегіне көрсетілген құрмет деп түйдік.

Көше бойындағы тынымсыз тіршілікке жан бітіріп жүрген еңбек адамдарының жұмысына көз тастап, іштей ризашылығымызды білдіріп «Жеңіс» саябағына да жеттік. Мұнда тал-дарақтарды ретке келтіріп, балақтап жатқан бір топ жігіт бірден назар аударды.

Жандарына жақындап, шеттеу тұрған елу жас шамасындағы азаматты сөзге тарттық. Өзін Асыланби Әбішев деп таныстырған ол бұл салада үш жылға жуық еңбек етіп келеді екен. Жүзінен жұмысына деген жауапкершілік пен сабырлылық аңғарылады.

– Таңертеңгі сағат 8:00-де жұмысқа кірісеміз. Басшылық та-

мысымыз бір сәтке де тоқтамайды, – деген ағамыз сөз соңында еңбектің елгені әрбір жұмысшыға жігер сыйлайтынын айтып, қарапайым еңбек адамдары да лайықты бағаланса деген тілегін жеткізді.

Осылай әңгімелесіп тұрғанымызда жанымыздан өтіп бара жатқан бір бейтаныс қала тұрғыны ренішін білдіріп: «Жайқалып өсіп тұрған ағаштарды неге кесіп жатырсыздар, әдемі өсіп келе жатыр ғой?» деп сұрады. Айдын Бейсеков тұрғынға сабырлықпен түсіндіріп, белгіленген тәртіп бойынша талдар 3 метрге дейін балақталатынын, артық бұтақтар ағаштың өсуіне кедергі жасап, көркін кетіретіндігін, сондықтан қаланың көрікті болып тұруы үшін ағаштар біркелкі және әдемі өсуі керектігін айтып түсірді. Жауапқа қанағаттанған тұрғын мамандардың жұмысына сәттілік тілеп өз жолына түсті.

Жалпы, қаладағы саябақтар мен демалыс аймақтарында тұрақты жұмыс істейтін арнайы қызметкерлер бар. Олар күні бойы сол



Ал сіздің жақыныңыздай адам сол баяғы көше бойындағы қарапайым жұмысын атқарып жүр. Осындай қаһарлы қыстың суығында да, жаздың аптап ыстығында да аянбай еңбек етіп жүрген еңбек адамдарының қатарында «Жасыл ел-Тараздың» қарапайым қызметкерлері де бар. Осы орайда «Журналист мамандық өзгертеді» айдары аясында мекеме қызметкерлерімен бірге шаһар тазалығына атсалысып қайтқан едік.

Ең әуелі жұмысымызды аталған мекеме аумағындағы жылыжай кешенінің тыныс-тіршілігімен танысудан бастадық. Қарапайым қызметкерлермен бірге қолымызға күрек алып, білек сыбана еңбекке араласа жүріп мекеме басшысының орынбасары Айдын Бейсековтың әңгімесінен ұққанымыз, жалпы аумағы 3 600 шаршы метрді құрайтын жылыжайда бүгінде маусымдық және көпжылдық гүлдердің 1 миллионға жуық түрі өсіріледі екен. Мұнда барлық қажетті жаздық гүлдер өз күштерімен егіліп,

жұмыстары үздіксіз жүргізілсе, күзде сарғайған жапырақтар жиналып, айнала тазаланады. Демалыс орындарындағы сынған орындықтар, бүлінген жарық шамдары мен қоршаулар уақытылы жөнделіп, қалпына келтіріледі. Балалар ойын алаңдарының қауіпсіздігі де басты назарда ұсталады. Сондай-ақ жаяу жүргіншілер жолындағы бұзылған тас жабындар қайта төселіп, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалады. Ал қыс мезгілі мекеме үшін нағыз қарбалас кезең. Қар күреу, көктайғаққа қарсы құм-тұз себу секілді жұмыстар күнделікті атқарылады, – деген Айдын Жарқынбекұлының әңгімесінен қарапайым еңбек адамдарының еншісінде көзге көріне бермейтін көп дүние жатқанын аңғардық.

Осылайша біз әңгіме тізгінін ағытып, Төле би көшесімен өрлеп келе жатқанымызда орталық мешіттің маңынан қазылып, толық көмілмеген шұңқырды байқадық. Айналасында жіңішке ағаш бұтақтары шашылып жатыр екен.



ісіне адал азамат 2020 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы марапатына ие болған екен. Бұл – әлемді алаңдатқан коронавирус індеті өршіп тұрған кезең болатын. Ол марапат Астанадан арнайы жіберілді. Қиын кезеңде де «Жасыл ел-Тараз»

рапынан берілген тапсырмаларға сәйкес, шаһардың әр аумағындағы тал-дарақтарды балақтап, қураған әрі қауіпті ағаштарды кесеміз. Кейде тұрғындардан келіп түсетін өтініштер бойынша да көмек көрсетеміз. Қазіргі таңда құрамымызда 10 адам бар. Жұ-

аумақтың тазалығына жауапты. «Жасыл ел-Тараз» мекемесінің демалыс аймақтары мен көше тазалығын сақтау саласының меңгерушісі Мақұлбек Сұлтаннның айтуынша, «Жеңіс» саябағында 18 қызметкер тұрақты тазалық жұмыстарын жүргізеді екен.

► СОҢЫ. БАСЫ 1, 4-БЕТТЕРДЕ

АДАЛДЫҚПЕН ТӨГІЛІП ЖҮР МАҢДАЙ ТЕР

– Мұндағы жұмыс таңғы сағат 8:00-де басталып, кешкі 18:00-де аяқталады. 18 тұрақты қызметкер 20 гектар саябақ пен оның айналасындағы 3 көшенің тазалығына жауапты. Олар таң атқаннан бастап саябақтағы жолдар мен аллеяларды, ескерткіштердің айналасын, гүлзарларды және демалыс аймақтарын күнделікті жуып, тазалайды. Саябаққа алыс-жақыннан келетін қонақтар көп. Сондықтан ортақ үйіміз – Тараздың тазалығына бейжай қарамасақ екен, – деді маман.

– Әрине дедік, біз.

– Кезінде адам ізі көп түсе бермейтін саябақ соңғы жылдары адам танымастай өзгерді. Мұнда келушілер Ұлы Отан соғысының даңқты жылдарын еске алып, әр бұрыштағы ескерткіштер мен мемориалдық нысандарды тамашалай алады. Саябақтағы басты нысандар қатарында «Мәңгілік алау», Бауыржан Момышұлы ескерткіші, «Батырлар» аллеясы, әскери техника көрмесі, вело және жаяу жолдар, балалар алаңшалары сондай-ақ «Даңқ» залы бар. Бұл нысандар тарихты еске алудың, патриоттық тәрбиенің және келушілерге әсер қалдырудың маңызды бөлігін құрайды. Оның үстіне Ұлы жібек жолындағы ежелгі өркени-

былтырғы жылы «Таза Қазақстан» акциясы аясында қаланың орталық

өсетін шие тұқымдасына жататындықтан, тез тамыр жайып, жақсы өсіп кетеді деп күтілуде, – дейді Азамат Тұрсынәліұлы.

Қысқа ғана әңгімеден кейін бұрылып, жол жиегіндегі орындардың біріне жайғасып, аз-кем тынысымызды басып отыр едік, сол мезетте

Төрт балам бар. Үлкен ұлым Түркістан қаласында туризм саласы бойынша білім алып жүр, биыл оқуын тәмамдайды. Қазіргі жастар алғыр ғой, оқуын оқып жүріп-ақ туристік компанияда қосымша жұмыс істейді. Айлығы да жаман емес, 300 мың тең-


тын бұл саябақ Төле би көшесінің бойында орналасқан. Шаһардың батыс қақпасынан енген қонақтардың басым бөлігі дәл осы көшені басып өтеді. Қай уақытта келсеңіз де, бұл аумақтың айнадай жарқырап тұратыны көз қуантады. Оның бәрі – мұнда еңбек ететін сегіз тұрақты жұмысшының маңдай терінің жемісі.

Солардың бірі – осы салада он жылдан астам уақыт еңбек етіп келе жатқан Жанаргүл Бекбау. Бүгінде ол осындағы жұмысшылардың топ басшысы. Журналист екенімізді таныстырған соң, бірден сөз бастап: «Облыстық газеттің бір санында топтама өлеңдерім жарық көрген еді», – деді. Осылайша әңгімеміз тынымсыз тіршіліктен бір сәт алыстап, қазақ әдебиетіне ойысты. Мұқағали, Жүмекен, Төлеген жырларын сүйіп оқиды, қолы қалт етсе, кітаппен сырласады екен. Бір өлең оқып беруін өтінгенімізде, көз алдымызда жайқалып өсіп тұрған талдардың біріне сүйеніп, жүрегінен жарып шыққан «Бүгінгі күн ерекше» атты өлеңін оқи жөнелді.

*«Бүгінгі күн ерекшеліу өткеннен,
Күнді күнге жалғап қана өткен мен.
Бір ізгі амал қолдан келсе жасайық,
Өткен іске болмау үшін еш өкпең.*

*Сыртым күлім, ішім жылап тұрсам да,
Өмірдің кей білмес сырын ұқсам да.
Әділетсіз болма, маған, әй, Өмір!
Жан жарамды жасырсам да,
Бұқсам да.*

*Сабыр берші, темір-төзім тұрақта,
Жаратқаным, ақыл айтшы құлаққа.
Бәрінен де жүрегіме ризамын,
Төзбеген тауда үлкен сынаққа», –* деп өлеңін түйіндеді, терең тыныстап. Иә, біз үшін де тазалық сақшыларымен өткен күніміз ерекше есте қал-



ге шамасында. Бізге де қарайласып тұрады. Өткен жылы сол баламның арқасында қасиетті Мекке қаласына барып, мұсылмандық парызымызды өтеп қайттым. Қиындықпен өсіріп едік, шүкір, бүгінде жақсылықтың бәрін балалардан көріп жатырмыз, – деді ол, жанарында шынайы қуаныштың табы жылт етіп.

Ағамыздың сөзін естіп, біздің де жүрегіміз елжіреп сала берді. Е, қазақ «Бала бер, бала берсең сана бер» деген ғой. Көз алдыма болашақта осы сақура ағашының саясында немерісін жетелеп келе жатқан ақ-

еттің ошағы саналатын Таразға табан тірейтін шетелдік қонақтар да аз емес. Айтқаныңыз орынды, тазалықты сақтауға бәріміз де жауаптымыз, – деп ортақ әңгіменің тиегін ағытып отырғанымызда анадай жерде «Жасыл ел-Тараз» мекемесінің қызметкерімен сөйлесіп тұрған Айдын Жарқынбекұлы жанымызға жақындап келіп, Шымкент қаласынан Тараз қаласына 100 дана сақура ағаш жеткізілгенін, көшеттердің 50 данасы облыс әкімдігі ғимаратының алдына отырғызылатынын, уақыт оздырмай сол жерге жедел жетуіміз керектігін айтты.

– Тараз аз жылда Токиоға айналады екен ғой. Жапонияның символына айналған әсем сақура ағаштары енді Таразда тамыр жайып, көне шаһардың көркіне көрік қосатын болады, – дедік сенімді түрде, көңілдегі қуанышымызды жасырмай.

Осыдан кейін дйттеген жерге тез жетуге асыққан Айдын ағаның назарын бөлмейін дедік те телефонның ғаламторына үңілдік. Шынайы ақпаратқа сүйенсек, 2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл белдеу» бағдарламасына сәйкес 80 мың түп ағаш көшеттерін отырғызу қарастырылып, жоспар толығымен орындалыпты. Бұдан өзге,

көшелеріне, саябақтарға, аллеялар мен скверлерге 4 550 түп ағаш көшеттерін егу жұмыстары жүргізілген. Сондай-ақ өткен жылы күз айларында демеушілер тарапынан 12 мың түп ағаш көшеттері отырғызылған. Ал биылғы жылы «Қызылабад» алабы аумағында «Жасыл белдеу» жобасы аясында 20 мың түп қарағаш көшетін отырғызу жоспарланған. Бүгінгі таңда оның 10 мың данасы аталған алқапқа егіліпті. Қалған 10 мың данасы қазан-қараша айларында отырғызылады екен. Бұл ағаш көшеттерін күтіп-ұстау жұмыстары «Жасыл ел-Тараздың» еншісінде.

Біз барғанда облыс орталығының алдында адамдардың қарасы қалың болды. Солардың арасынан «Жасыл ел-Тараз» ЖШС директорының орынбасары Азамат Әбішевті кезіктіріп сөзге тарттық. Оның айтуынша, бұл көшеттер «VI Group» инвестициялық-құрылыс холдингінің қаржылай қолдауымен жеткізіліпті.

– Бельгиядан әкелінген бұл көшеттер әуелі Шымкент шаһарындағы «Аққайын» питомнигінде 4 жыл бойы бапталып, жергілікті климатқа бейімделді. Қыс айларында 35 градусқа дейінгі аязға төзімді сақура ағашы біздің өңірде



жанымызда темір дәнекерлеп жатқан, жасы елулер шамасындағы, жүзін уақыт табы айқындаған, сақалы селдір тартқан кісіге көзіміз түсті. Қасына жақындай бергенімізде, ол кісі жылы жымыш амандасты. Есім-сойы – Нұрбай Артпов екен. Әңгіме өзінен-өзі өрбіп қоя берді.

– Осы мекемеде еңбек етіп жүргеніме біраз жылдың жүзі болды.

сақал елестеді. Ол – дәл осы сәтте маңдай терін төгіп, темірдің бабын тауып қызу еңбек думанына араласып жатқан Нұрбай ағамыз еді. Кім білсін, дәл осы сәтте Айдын ағамыз келіп: «Жүр, кеттік», – дегенде, қиял тұлпарымның қай қиырға дейін самғайтынын...

Келесі бағытымыз – «Тұңғыш Президент» саябағы. Қаладағы көрікті орындардың бірі санала-

ды. Тағы бір күннің парағы жабылуға сәл уақыт қалып, сәуірдің күні алаулап, қызарып, ұясына құлап бара жатты. Қайтуға ыңғайланып, жолға бұрылғанымызда, тамшылатып суаруға арналған құбырдан тамып тұрған мөлдір тамшыларға көзіміз түсті. Бұл тамшылар осынау еңбек адамдарының маңдай теріндегі көрінді көзімізге. Бәлкім, дәл солай шығар, мүмкін...

▶ ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Ел үкіметі өткен жылдың 16 қазанында бензин мен дизель отынының құнын көтеруге мораторий жариялаған болатын. Бұл шешім бағаның күрт өсіп кетуіне жол бермеу үшін қабылданды. Алайда 31 наурызға дейін белгіленген шектеу шараларының мерзімі мәресіне жетті. Яғни, 1 сәуірден бастап сұйық отын сатушылар бағаны өздері реттеуде. Одан бері өткен 1 аптадан астам уақыт ішінде жанар-жағармай бағасы нарыққа байланысты болып отыр.



МОРАТОРИЙ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Бұлқынған баға бұғалыққа көне ме?

9 сәуірдегі ахуал бойынша, Тараз қаласында сұранысқа ие АИ-92 маркалы жанармай бағасы орта есеппен 237 теңге болса, АИ-95 – 309 теңге, ал дизель 334 теңгеге жеткен. Осы ретте көлік тізгіндеген қауымды, көктемгі егіске кіріскен дикандар мен жұмысы тікелей жанар-жағармай бағасымен байланысты салалардың өкілдерін алаңдатып отыр. Ал бензин қымбаттаса, азық-түлік те, жолақы мен басқа да қажетті тауарлардың бағасы бірге өсетініне үйренген қарапайым халықтың уайымы еселенетіні бәсеңден белгілі. Онысыз да «шықпа, жаным, шықпа» деп әрең отырған ел үшін бұл жығылғанға жұдырық болары айтпаса да түсінікті.

ҮКІМЕТ НЕ ДЕЙДІ?

Бұл ретте Энергетика министрлігі Үкімет олардың күрт әрі негізсіз өсуіне жол бермейтінін айтып отыр. Ведомствоның ресми хабарламасындағы мәліметіне сүйенсек, жағдай бақылауға алынып, халық мүддесін қорғау басты міндет ретінде белгіленген.

«Елде жанармай тапшылығы жоқ, қорлар қажет деңгейде, ал өңірлерде жергілікті атқарушы органдар, салалық ведомстволар және нарық өкілдері қатысатын жедел мониторинг штабтары жұмыс істейді. Олар күн сайын бағаны, жанармайдың бар-жоғын және логистиканы бақылап, кез келген ауытқуға жедел әрекет ету және ішкі нарықтағы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін жұмыс істейді», – деген ведомство өкілдері министрлік уақытша шектеу аяқталғаннан кейін үкімет үйлесімді тарифтік саясатты жалғастыратынын айтады. Осылайша министрлік халыққа түсетін жүктемені азайту, инфляциялық қысымды тежеу және тұрғындарды сапалы әрі қолжетімді коммуналдық қызметпен қамтамасыз етуге басымдық берілетінін жеткізіп отыр.

Алайда энергетика вице-министрі Ерлан Ақбаров жуырда берген сұхбатында АИ-92 бензині мен жазғы дизель отынының бөлшек бағасы біріндік өсуі мүмкін екенін жасырмады. Оның айтуынша, баға күрт көтеріліп кетпесе де, ай сайын ақырындап қымбаттауы ықтимал.

ҚАНША ҚЫМБАТТАСА ДА АРЗАН...

Естеріңізде болса, 2018-2020 жылдары нарықта бензин бағасы салыстырмалы түрде тұрақты болса, 2021 жылдан бастап өсім қарқыны жеделдеген. Әсіресе, 2024-2025 жылдары бірден 30 теңгеге қымбаттады. Ал өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақ аясында бензин бағасы қымбаттауы жағынан бірінші орынға шығып отыр.

Еуразиялық экономикалық комиссияның статистикалық мәліметтеріне сүйенсек, елдегі жанармай құны бір жылда 15,7 пайызға қымбаттаған. Баға өсімі бойынша Қазақстаннан кейінгі орынға Қырғызстан (+15,1%) мен Ресей (+10,8%) жайғаса. Арменияда, керісінше, бағаның аздап төмендеуі (-0,8%) байқалған.

Дегенмен, бағаның мұндай қарқынмен өсуіне қарамастан, Қазақстан бензині одақ ішіндегі ең арзан жанармай болып тұр. Бір литрі орташа есеппен 0,46 АҚШ долларын құрайтын баға – көршілес елдермен салыстырғанда екі есе, ал Армениямен салыстырғанда үш есе төмен көрсеткіш.

Соңғы тоғыз айдың ішіндегі деректерге көз жүгіртсек, Өзбекстанда жанармай бағасы ең жоғары. АИ-92 маркалы бензин Ташкентте 443,3 теңге тұрады екен. Бұл – біздегі бағадан 87 пайызға қымбат. Ал

Қырғызстанда АИ-92 бағасы 406,4 теңгені құрайды. Бұл – бізден 71,5 пайызға жоғары көрсеткіш. Ресейде АИ-92 бензині 378 теңге шамасында тұрады. Бұл Қазақстанмен салыстырғанда 59,5 пайыздық айырмашылықты көрсетеді. Дизель отыны бойынша да жағдай ұқсас. Ташкенттегі баға (506,4 тг) Астанамен (333 тг) салыстырғанда 52 пайызға жоғары.

Демек, Қазақстан әлі де көршілеріне қарағанда бензинді 1,5-1,8 есе арзан сатып отыр. Алайда соңғы 9 айдағы бағаның 10-13 пайыздық өсу қарқыны біздегі бағаның біртіндеп көтеріліп келе жатқанын аңғартады. Бұл алдағы уақытта да бағаның төнесу процесі жалғасуы мүмкін дегенді білдіреді.

ҚЫМБАТШЫЛЫҚҚА АЛДЫН АЛА ДАЙЫНДАУ

Экономист Рахымбек Абдрахманов жанар-жағармайға қатысты мораторийдің алынуы бағаны көрші Ресей мен Қырғызстан деңгейіне сайын үкіметтің бағаны қолмен реттеу мүмкіндігі шектеледі. Сол себепті билік халықты жанармай бағасының қымбаттауына психологиялық тұрғыдан алдын ала дайындап жатқан көрінеді.

– Қазақстанда жанар-жағармай тапшылығы туындауы ықтимал екенін де жоққа шығармау керек. Еліміз жыл сайын Ресейден шамамен 1-1,5 миллион тонна жанар-жағармай импорттайды. Ал ішкі нарықты қамтамасыз етіп отырған үш мұнай өңдеу зауыты артық қорсыз жұмыс істеп отыр. Яғни, олардың біреуі жөндеуге тоқтаған жағдайда тапшылықты жабуға мүмкіндік жоқ.

Қазіргі таңда Шымкент мұнай өңдеу зауыты жопарлы жөндеуге жабылған. Осындай жағдайда «бензинді қайдан аламыз?» деген мәселе үкімет алдында өткір қойылуы мүмкін. Оның үстіне Ресейдің мұнай өңдеу саласы да украиналық дрондар мен зымыран соққылары салдарынан жағдайы қиындап тұр. Мұнай өңдеу қуаттарының 40 пайызға жуығы істен шыққан. Шабуылдар жалғасып жатқандықтан, жана зауыттар да зақымданып жатыр, – дейді маман.

Сарапшының айтуынша, мұндай жағдайда Ресейдің өзі де жанар-жағармай тапшылығын сезінуі ықтимал. Сондықтан Қазақстан үкіметі ел ішінде бензин жетіспеушілігі туындаған сәтте асығыс шешім қабылдауға мәжбүр болмайтындай алдын ала қам жасауға тиіс.

БАҒА КӨРШІЛЕРМЕН БІРДЕЙ БОЛА МА?

Жоғарыда айтылған пікірдің, расында, жаны бар секілді. Өйткені, келер жылдың 1 қаңтарынан бастап Еуразиялық

экономикалық одақ аясында мұнай мен мұнай өнімдерінің ортақ нарығы туралы келісім күшіне енеді. Бұл одақ құрамына кіретін елдердегі жанармай бағасын теңестіруі мүмкін.

Келісімді іске қосу жөнінде одаққа мүше мемлекеттердің басшылары 2025 жылдың желтоқсанында Санкт-Петербургте өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысында уағдаласқан. Жиында ортақ нарықтың мақсаты – мұнай өнімдері саудасына ортақ әрі ашық ережелер енгізу, жеткізілім мен бағаны тұрақтандыру және энергетикалық қауіпсіздікті күшейту екені айтылған.

Алайда бұл келісім Қазақстан үшін тиімсіз болғалы тұр. Журналист Олег Червинскийдің пікірінше, 2027 жылдан бастап Қазақстандағы бензин мен дизель бағасы Ресейдегі деңгейге жақындауы мүмкін.

– Ортақ нарық жағдайында баға айырмашылығын ұзақ уақыт сақтап тұру қиын болады. Қазіргі рубль мен теңгенің айырбас бағамын ескерсек, Қазақстандағы бензин Ресеймен салыстырғанда шамамен екі есе арзан. Мұндай жағдай Қырғызстанмен арада да байқалады, – дейді маман.

Бұл мәселені Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та ашық айтқан. Жыл басында «Turkistan» газетіне берген сұхбатында Президент Қазақстанның амалсыздан көрші елдерге «арзан жанармай жеткізушісіне» айналғанын мәлімдеді. Яғни, ішкі нарықтағы төмен баға сыртқа ағылған отын арқылы өзге экономиканы қолдап отыр.

ЖЫЛ САЙЫН ҚАЙТАЛАНАТЫН ҚАТЕЛІК

Дастарханнан адал асы арылмаған қазақтарға қазіргі қымбатшылық оңай соғып отырған жоқ. Жалақының аздығын айтпағанда, ай сайын аспандап келе жатқан баға қос бүйірден қысып барады. Ал бір от ба -

сында бір ғана адам еңбек етіп отырған жанұяларда жағдай мүлдем ауыр. Ендігі жанармайдың қымбаттауы бұл ахуалды одан сайын ауырлатып жібермей ме?

Экономика ғылымдарының докторы Қуаныш Айтахановтың айтуынша, жыл сайын жанар-жағармай бағасымен бірге азық-түлік пен коммуналдық қызмет құнының қымбаттайтыны халықтың шамына тиіп біткен.

– Елімізде жылына 80 миллион тоннадан астам мұнай өндіріліп, шикізат және өңделген күйінде шетелге шығарылып, еліміздің бюджетіне қомақты қаржы түседі. Әрине, еліміздің алға қарыштап дамуына мұнай экспортының қосқан үлесі ерекше. Алайда Табиғат-Ананың берген байлығын ұтымды пайдалана алмай отырғанымыз қынжылтады.

Осындай байлықтың ортасында отырып, мұнай өнімдерінің әлеуетін халықтың жағдайын көтеруге жұмсай алмай келеміз. Халқымыз күнделікті тұтынатын азық-түлік өнімдерін өндіруге жұмсалатын мұнай өнімдерінің бағасын реттей алмай, жыл сайын жанармай бағасының қымбаттауына жол беріп келеміз. Нәтижесінде дүкендерде, базарларда нан, ет, сүт, көкөніс, жеміс-жидек, тағы да басқа азық-түлік өнімдері қымбаттай түседі. Жыл сайын ел үкіметі бірлескен түрде шешімдер қабылдайды. Алайда әртүрлі себептермен сол қателіктерге қайта-қайта жол беріліп жатады, – дейді сарапшы.

ЖАНАРМАЙ, СУ, ЖАРЫҚ ПЕН ЖЫЛУ...

Экономистердің пікірінше, егер жанармай бағасы бірден өссе, бұл тек коммуналдық қызметтерге ғана емес, жалпы нарыққа әсер етуі мүмкін. Яғни, бизнес шығындары артып, оның салдары тауар мен қызмет бағасының қымбаттауына әкелуі ықтимал.

Экономист Айбар Олжай бұл мәселенің тек ішкі шешімдерге емес, әлемдік нарықтағы ахуалға да байланысты екенін айтады. Оның пікірінше, Иран төңірегіндегі геосаяси жағдай жаһандық инфляцияның күшеюіне алып келуі мүмкін. Егер әлемдік инфляция өссе, оның әсері Қазақстанға да міндетті түрде жетеді. Ал біз өз ішкі инфляциямызды толық бақылауға алып үлгермеген жағдайда бұл жағдайды одан әрі күрделендіруі мүмкін.

– Қазіргі таңда елімізде инфляция деңгейі 10 пайыздан төмен түспей отыр. Егер оған тарифтердің өсуі әсері қосылса және фискалдық факторлар толық әлсіреп үлгермесе, онда биылғы жылдың ортасына қарай, яғни жаз мезгілінде инфляцияның қайта үдеуі әбден мүмкін, – деген сарапшы бұл жағдайда баға «байлап ұстауға» көнбей кетуі мүмкін екенін жасырмай отыр.

Оның айтуы бойынша, дәл осы кезде тарифтер көтерілсе, инфляцияға қосымша қысым түседі екен. Ал табиғи монополия субъектілері тарифтерді бірден өсірсе, бұл бағаның жаппай қымбаттауына әкелуі мүмкін. Яғни, коммуналдық қызметтер қымбаттап, бизнес шығындары өседі. Тауар мен қызмет бағасы артып, халықтың нақты табысы төмендейді. Бұл факторлардың барлығы инфляцияны қайта үдету қаупі жоғары.

САЛА ТЫНЫСЫ

ӘДЕП – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ АЙНАСЫ

Жамбыл облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде қызметтік әдеп нормаларын сақтау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және мемлекеттік қызмет мәдениетін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл ретте Әдеп жөніндегі уәкілдің рөлі айрықша.



Әдеп жөніндегі уәкіл – мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ететін, сондай-ақ «Мемлекеттік қызмет туралы» және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарының бұзылуына жол бермеуге бағытталған профилактикалық жұмыстарды жүзеге асыратын тұлға. Сонымен қатар өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультациялық көмек көрсетеді. Аталған міндеттер, әдетте, басшылық лауазымдағы, ұжымда белді жоғары, тәжірибелі мемлекеттік қызметшіге жүктеледі. Себебі әдеп мәдениетін қалыптастыру – тек талап қоюмен шектелмей, үлгі көрсетуді де қажет етеді.

Департаменттің мемлекеттік қызметшілері азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарастырып, заңнамада белгіленген тәртіппен жауап береді. Сонымен қатар өз құзыреті аясында мемлекеттік

аудит объектілеріне тексеру жүргізеді. Бұл процестерде қызметкердің кәсібилігімен қатар, оның әдептілігі, сыртқы келбеті мен мінез-құлқы маңызды орын алады.

Осыған орай, Әдеп жөніндегі уәкіл тарапынан түрлі форматтағы іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылады. Атап айтқанда, семинарлар, дөңгелек үстелдер, дәрістер өткізіліп, уәкілетті орган ұйымдастыратын іс-шараларға белсенді қатысу қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар ақпараттық-түсіндіру материалдары интернет-ресурстарда жарияланып, азаматтар мен заңды тұлғаларды жеке қабылдау жүргізіледі. Қызметкерлер арасында сауалнамалар мен мониторингтер өткізу арқылы ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуал да назардан тыс қалмайды.

Биылғы жылдың бірінші тоқсанында Әдеп жөніндегі уәкіл Департамент қызметкерлерімен Қазақстан Республикасының мем-

лекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамаларын, сондай-ақ Әдеп кодексі талаптарын сақтау мәселелері бойынша 3-тен астам іс-шара өткізіп, бір қызметкерге жеке консультациялық көмек көрсетті.

Сонымен қатар мереке күндері қызметтік әдеп нормаларын сақтау, жалпыға бірдей моральдық-әдептілік қағидаларды ұстану жөнінде түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

Ұжымдағы қарым-қатынас мәдениетінің деңгейін анықтау және оны жетілдіру мақсатында қызметкерлер арасында анонимді сауалнама ұйымдастырылды. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да үздіксіз жалғасын табады.

А.БАЙҚУАНЫШЕВ,
Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілі

ОЙТОЛҒАУ

БАЛҒЫНДАРДЫҢ ТЕЛЕФОН ҰСТАУЫНА ТЫЙЫМ САЛУ ҚАЖЕТ ПЕ?

Қазіргі цифрлық дәуірде смартфон адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Тіпті кішкентай балалардың өзі телефонсыз отыра алмайтын жағдайға жетті. Алайда, 13 жасқа дейінгі балаларға смартфон қолдануды шектеу қажет. Себебі бұл мәселе баланың денсаулығына, психологиялық дамуына және әлеуметтік дағдыларына тікелей әсер етеді.



Ең алдымен, смартфонның бала денсаулығына тигізетін зияны көп. Ұзақ уақыт экранға қарау көздің көру қабілетін әлсіретіп қана қоймай, ұйқының бұзылуына әкеледі. Көптеген балалар түнге дейін телефон ұстап отырады, бұл олардың биологиялық ырғағын бұзады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мамандары да балаларға экран уақытын шектеуді ұсынады. Сонымен қатар қозғалыстың азаюы артық салмақ пен дене белсенділігінің төмендеуіне әлсіретіп келеді. Демек, смартфон баланың физикалық дамуына тікелей қауіп төндіреді.

Екіншіден, гаджеттердің психологиялық әсері одан да күрделі. ЮНИСЕФ ұйымының зерттеулеріне сәйкес, балалардың ерте жастан интернетке тәуелді болуы олардың эмоциялық

тұрақтылығына кері әсер етеді. Әлеуметтік желілердегі ақпараттар, ойындар мен қысқа видеолар баланың назарын тез өзгертіп, зейінін тұрақсыз етеді. Нәтижесінде бала шынайы өмірдегі қарым-қатынастан гөрі виртуалды әлемді таңдайды. Бұл жалғыздық сезімін күшейтіп, өз-өзіне сенімсіздік туғызуы мүмкін.

Үшіншіден, смартфон баланың тұлғалық және әлеуметтік дамуын тежейді. Балалық шақ – қарым-қатынас жасау, достық орнату, қиындықтарды бірге шешуді үйрену кезеңі. Ал телефонға тәуелді бала бұл дағдыларды толық меңгере алмайды. Қазақстандағы педагогтар да осы мәселеге алаңдаулы. Білім және ғылым министрлігі тарапынан мектептерде смартфон қолдануды шектеу ұсынылуы – осының дәлелі.

Кейбір мектептерде сабақ кезінде телефонға толық тыйым салынған, себебі ол оқушының зейінін төмендетеді.

Төртіншіден, смартфон баланың уақытын тиімсіз пайдалануға әкеледі. Көптеген балалар бос уақытын кітап оқуға, спортқа немесе шығармашылыққа емес, ойын мен видеоларға жұмсайды. Бұл олардың ойлау қабілеті мен қиялын дамытуға кедергі келтіреді. Ал кітап оқу мен белсенді ойындар баланың тіл байлығын, логикасын және креативтілігін арттырады.

Әрине, смартфонды толықтай зиянды деп те айтуға болмайды. Ол білім алуға, жаңа дағдыларды үйренуге мүмкіндік береді. Бірақ мәселе – оны қолдану уақыты мен мақсатына байланысты. Егер бала смартфонды бақылаусыз қолданса, оның зияны пайдаланып асып түседі.

Қорытындылай келе, 13 жасқа дейінгі балаларға смартфон қолдануды шектеу – дұрыс шешім. Бұл олардың денсаулығын сақтап, психологиялық тұрғыдан тұрақты, әлеуметтік белсенді тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Балалық шақ – қайталанбас кезең, сондықтан оны экран алдында емес, шынайы өмірдің қызығымен өткізу әлдеқайда маңызды.

Аруна АДЫЛ,
Тараз қаласы білім бөлімінің техникалық шығармашылық орталығы КММ «Баспасөз орталығы» үйірмесінің тәрбиеленушісі

ЖАЛҒА АЛЫНҒАН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ МЕРЗІМДЕРІН ҰЗАРТУ

Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімімен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығымен бекітілген "Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсету қағидасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

Қағида талаптарына сәйкес, мемлекеттік қызметтер қағаз және электронды түрде көрсетіледі.

Қазіргі таңда аталған мемлекеттік қызметті электронды түрде Е-Жамбыл жүйесі немесе e-Gov порталы арқылы көрсетілуде. Мемлекеттік қызмет 8 жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Қызметті алу үшін (қажетті құжаттар):

1.« Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту» мемлекеттік қызметін көрсету қағидасының 2-қосымшасына сәйкес өтініш.

2.Сәйкестендіру құжатының көшірмесі (жер учаскесіне уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру актісі не жер-кадастрлық жоспар).

3.Жер учаскесін уақытша (қысқа мерзімді ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалануға (жалға алуға) жасалған шарттың көшірмесі.

Қызмет көрсету нәтижесі:

Көрсетілетін қызметті берушінің жер учаскесіне уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану (жалдау) құқығын беру туралы шешімі және уақытша (қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді) өтеулі (өтеусіз) жер пайдалану (жалдау) шарты не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Жергілікті тұрғындарды жер қатынастары саласында көрсетіліп жатқан мемлекеттік қызметтер туралы мәліметті Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің «Facebook» және «Instagram» парақшаларынан көруге болады.

Тараз қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тараз қаласы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі тапсырысы бойынша үкіметтік емес ұйымдарға арналған қысқа мерзімді грант конкурсы қайта жарияланды.

Грант бағыты:

«Тараз қаласында тұрғындардың әлеуметтік мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеу жұмыстарын жүргізу».

Өтінімдер 16 наурыз бен 8 сәуір аралығы, сағат 18:30-ға дейін.

Қысқа мерзімді гранттар бойынша 15 (он бес) жұмыс күні ішінде 2026 жылғы 7 сәуір мен 27 сәуір аралығында сағат 18:30-ға дейін қабылданады.

Өтінімдерді қабылдау ovr.taraz26@cisc.kz электронды поштасы немесе қағаз түрінде: Астана қ., Қабанбай батыр даңғ., 11/5 ғимарат, 5-қабат, 504/1-кабинет, сағат 9:00 – 18:30 арасында жүзеге асады.

Қатысуға тек деректер базасында тіркелген ҰЕҰ-лар рұқсат етіледі.

Конкурс және жобаларға қойылатын талаптар туралы толық ақпаратты <https://cisc.kz/> сайтынан «Гранттар» => «Гранттар туралы хабарламалар» бөлімінен алуға болады.

Байланыс нөмірлері:

+7 (702) 984 98 06, +7 (7172) 79 04 31, +7 (7172) 79 08 07

ОБЪЯВЛЕНИЕ

По заказу отдела внутренней политики актимата города Тараз повторно объявляется конкурс на получение краткосрочного гранта для неправительственных организаций.

Направление государственного гранта:

«Проведение социальных исследовательских работ по социальным вопросам жителей города Тараз»

Срок приёма заявок:

По краткосрочным грантам в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней с 7 апреля по 27 апреля 2026 года до 18:30 часов.

Заявки принимаются

По электронной почте: ovr.taraz26@cisc.kz или в бумажном виде по адресу:

г. Астана, просп. Кабанбай батыр, 11/5, 5 этаж, кабинет 504/1, с 9:00 до 18:30. К участию допускаются только НПО, зарегистрированные в Базе данных НПО.

Подробную информацию о конкурсе и требования к проектам можно найти на сайте <https://cisc.kz/> в разделе «Гранты» => «Объявления о грантах».

Для связи:

+7 (702) 984 98 06, +7 (7172) 79 04 31, +7 (7172) 79 08 07

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жамбыл облысы, Шу ауданындағы Тасу топырақ қоры кен орнында өндіруге байланысты іс-шаралардың зардаптарын жою жоспарына арналған ҚОҚ бөліміне 17.04.2026 жылдан бастап 10 жұмыс күні ішінде жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Жобалық құжаттамамен танысу, ескертулер мен ұсыныстарды беру үшін Бірыңғай экологиялық порталында: <https://ndbecology.gov.kz/> "Жарияланған қоғамдық талқылаулар" бөлімінен қарауға болады, тел: 87019006183, halik-61@mail.ru.

Бастамашы – «ІПК Шымкентдорстрой» ЖШС-і, мекенжайы: ТО, Сайрам ауд., Манкент а., Бірлік, көш. 45, тел.: +77052510030, pkshds@mail.ru. Кен орын аймағының географиялық координаттары: 43°23'24,50649", 74°01'45,05621".

ЖАО - "ЖО ТР және ТП РБ" ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Тараз қ., Абай көш., №133-А үй, s.agabek@zhambyl.gov.kz, тел.: 8 (7262) 45-45-78.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений с 17.04.2026 года в течение 10-ти рабочих дней на раздел ООС к Плану ликвидации последствий деятельности, связанной с проведением добычи на месторождении грунтовых резервов «Тасу» в Шуском районе Жамбылской области. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/> в разделе «Опубликованные публичные обсуждения», для предоставления замечаний и предложений, тел: 87019006183, halik-61@mail.ru.

Инициатор – ТОО «ІПК Шымкентдорстрой», адрес: ТО, Сайрамский р-н, с.Манкент, ул.Бирлик, 45, тел.: ++77052510030, pkshds@mail.ru. Географические координаты участка: 43°23'24,50649", 74°01'45,05621".

МИО - ГУ «УПР и РП по ЖО» по следующему адресу: г.Тараз, ул. Абая, дом № 133-а, s.agabek@zhambyl.gov.kz, тел.: 8 (7262) 45-45-78.

ТАРИХ ТЕГЕРШІГІ

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Жамбылда тұратынын білесіз бе?

Биыл ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің туғанына – 185 жыл. Ұлт ұстазы 1841 жылы қазіргі Қостанай өңірінде дүниеге келді. Әкесі Кенесары Қасымұлының шапқыншылығы кезінде қайтыс болып, оны атасы Балғожа би тәрбиеледі. Балғожа Жаңбыршыұлы – ел ішінде беделді би, патша әкімшілігімен қызметтік байланыста болған тұлға.

Қилы кезеңде ат жалын тартып мінген Ыбырай Алтынсарин білім ұранын көтерді. Елді қорлықтан құтқаратын, игілікке бастайтын жол тек білім деп есептеді. Сондықтан да хан Жәңгірдің ізімен қазақ қолжетімді білім жүйесін жасауды мақсат етті. Мақсатына жетті де. Ол жазған еңбектер – жаңа замандағы қазақтың тұңғыш төл оқулықтары еді. Жаңа заман дейтініміз, бұл кезең еуропалық білімнің қазақ даласына әлі келе қоймаған тұсы. Дегенмен, ол білімнің ел үшін аса маңызды екенін Ыбырайдың атасы Балғожа би ертерек ұқса керек.

Қазақ даласында, Торғайда 1864 жылы тұңғыш рет қоңырау үнімен Ыбырайдың тұңғыш мектебі ашылды. Кейін Ырғыз, Қостанай, Ақтөбе өңірлерінде училищелер, колонер және қыздар мектебі ұйымдастырылды. Бұлар Ыбырайдың тікелей қатысуымен ашылған мектептер болатын. Ал оның артында мұндай мектептер тұтас қазақ даласында кезең-кезеңімен ашылып, тоқтаусыз жұмыс істей бастады. Ал ең құндысы, сол заманда Ыбырайдың ұйытқы болуымен ашылған кей мектептер әлі күнге дейін өз қызметін тоқтатпаған. Мұны қалайша мәңгілік игі іс демейсің?!

Ыбырай Алтынсарин 1879 жылы Торғай облысының мектеп инспекторы болып тағайындалды. Қызмет уезі Шу уездесінің халық соты жүйелеуде аса маңызды құрал болды. Сол арқылы ол ауыл шаруашылығы, қолөнер, қыздар білімін дамыту ісіне ерекше көңіл бөлді.

Ыбырайдан кейінгі замандарда дүниеге келген қазақ әдебиеті мен тарихының шоқтығы биік қай тұлғасын алсақ та, өмірбаянында алғашқы білімі екі жылдық орыс-қазақ мектебімен басталады. Бұдан бөлек Торғайдағы мұғалімдер даярлайтын мектептің түлектері де баршылық. Бұл дегеніміз – оның бәрі де Ыбырайдың мектебінен шыққан түлектер ғой.

Ыбырайдың алғашқы түлектерінің бірі – Қалмұханбет Танкин болатын. Ол туралы жазба деректерде көп кездесе бермейді. Алайда Қостанайдағы Ыбырай музейінің ашық деректеріндегі шәкірттерінің тізімі көрсетілген құжаттан Нұрмұхамбет Танкин есімін көз шалды. Сәйкестік емес. Ол біз білетін Танкиннің бауыры. Шамасы, Қалмұхамбет елден ертерек кеткен соң, құжаттарға тіркелмей қалған. Дегенмен, оның Ыбырай мектебінің түлегі екенін ақын әрі туысы Гафу Қайырбеков өз мақаласында жазады. Сәкен Сейфуллиннің Әулиеатаға келгендегі пана ететін үйі де – осы Қалмұханбеттікі. Бірде Қалмағанбет, бірде Қалыбай деп те жазылып жүр. Толық атын ресми құжаттан ғана білдік.

Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәр өзінің естелік кітабында әкесі Әулиеатаға барғанында қонақ еткен азамат ретінде Қалыбайдың есімін атаса, оның ұлдары Әбік және Қалықпен кейінірек, 1934 жылдары, Алматыда тұрғандарында етене жақын араласқандарын, ағайындық-туыстығын сөз еткен. Тіпті, жары Әбенмен де Әбіктің үйінде танысыпты. Ағайындығы сол, Әбіктің әкесі Қалмұханбет – Торғайдың тумасы, арғыннан тарайтын аталас туыстығы бар.

Жамбыл облысының мемлекеттік архивінде Әбік Танкиннің өмірбаяны сақтаулы. Онда ол әкесі туралы құнды деректерді баяндапты. Орыс тілінде толтырылған құжаттың басы: «Әкем Халмұхамед Торғай ауданында кедей отбасында дүниеге келген. Екі жылдық орыс-түзем мектебінде білім алған (Ол кездегі Ыбырай ашқан орыс-қазақ мектептерін солай атаған. Ондай мектептер кейінірек Әулиеата өңірінде де болды). Оқуын жалғастыруға мүмкіндігі болмай, нан табу қамымен жастайынан Әулие-



И.ЫБЫРАЕВА

таға келеді», – дейді. Мұнда Қалмұханбет Әулиеата уездік бітімгер (мировой) соттың тілмашы қызметін атқара жүріп, мал шаруашылығымен айналысқан. Осы жерден өмірлік серігін тауып, тұрақтаған. Ал оның жары Жәмила – Бұралқы болыстың балдызы еді. Бұл жайлы да ішінара Гүлнәр Дулатованың естелігінде айтылған.

«1917 жылдың қазанынан кейін революциялық трибуналда аз уақыт қызмет етіп, сосын уездік жер-су қатынастары бөлімінде жауапты лауазымда болған. Әулиеата уезі Шу уездесінің халық соты қызметін де атқарды. Ал 1924 жылы жасы келген соң, қызметтен кетіп, тек мал шаруашылығымен айналысты», – делінген құжатта.

1929 жылы ұжымдастыру кезінде Свердлов (қазіргі Байзақ) ауданына қарасты «Ақшолоқ» ұжымшарына мүше болыпты. Бұл кезде оның бажасы Бұралқы Сұлтанбеков ірі бай ретінде тәркіленіп, отбасымен бірге Оралға жер аударылған еді. Былайша айтқанда, Қалмұханбетті сол жолы Құдай сақтаған. Мүмкін сол Ыбырай ашқан сауаты да сақтаған болуы керек.

1931 жылы Қалмұханбет Танкин егде жасында дүние салған екен. Гафу Қайырбеков өз жазбасында оның шамамен жетпіс жасқа қараған шағында өмірден өткенін айтады. Олай болса, Қалмұханбет шамамен 1860-64 жылдары туған. Ал Әулиеатаға 1878 жылдары көшіп келді деуге негіз бар.

Бұл жылы Әулиеатада алғашқы екі жылдық орыс-түзем мектебі ашылған еді. Ол жайында Ташкенттегі Әлішер Науаи атындағы мемлекеттік кітапхана қорында сақтаулы тұрған «Түркістан ведомостарының» 1878 жылғы 13 маусымдағы №23 жазбасында жазылған. Онда былай делінген: «Оқу ведомосты бойынша бұйрық. 1878 жыл, 24 мамыр, №64. Сырдария облысының әскери губернаторының өтініші мен училищелердің бас инспекторының ұсынысына сүйені отырып, 1878 жылғы 10 маусымнан бастап Әулие-Ата қаласында екі сыныптық қалалық училище ашуға рұқсат етемін. Түпнұсқаға қол қойған – генерал-адъютант Фон-Кауфман».

Бұл мектеп 1905 жылы үш сыныптық білім беру училищесі, 1914 жылдан бастап жоғары бастауыш

училищесі деп өзгертілген. Ал Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Ленин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп болса, бүгінде ол Тараз қаласындағы Әлихан Бөкейханов атындағы №1 мектеп-гимназия болып өз қызметін жалғап тұр.

Мұндай орыс-түзем мектебі Меркі жерінде де болды. Онда Тұрар Рысқұлов, Қабылбек Сарымолдаев, Мақсұт Жылысбаев және өзге де жиырмаға жуық ерелі азамат оқыған. Оларды да Ыбырай мектебінің шәкірттері десек, қателеспеспіз. Олар да Қалмұханбет Танкинмен етене жақын еді.

Ыбырай шәкірттерінің тағы бірі Қалмұханбеттің қасында Әулиеатада қызмет етті. Ол – Жұмыр Есмұрзин. Қалмұханбетке қарағанда Жұмырдың есімі Ыбырай мектептері түлектерінің тізімінде бар. Сондай-ақ оның есімі Міржақып Дулатовты Әулиеатаға шақырған адвокат ретінде де сақталған. Расында дерек аз. Партия қатарында болмаған. Дегенмен, ашық деректер базасында өткен ғасырда саяси қуғын-сүргін құрбаны ретінде Қостанайда ұсталып, атылған деген ақпарат бар. Онда Жұмырдың 1898 жылы Қостанайдың Әуликөлінде туғаны, 1937 жылы желтоқсанда ұсталып, атылғаны көрсетілген.

Ізденіс жұмыстары Әуликөлдегі мектептің тарихына алып келді. Ондағы қасірет – зұлмат жылдары мектеп директорынан бастап, оннан аса ұстаздың «халық жауы» ретінде атылуы болатын. Сол атылғандардың тізімінде Жұмыр Есмұрзин де бар еді. Онда 39 жасар Жұмырдың 1916 жылы мұғалімдік оқуды тәмамдап, Қарабалық ауданында жұмыс істегенін көрсетеді. 1936-1937 жылдары Әуликөлдегі Мирзоян атындағы мектепте еңбек еткен. Бұл деректерде оның Әулиеатадағы қызметі айтылмайды. Бірақ бізде Міржақыптың өз жазбасында да, Темірбек Қожакеевтің мақаласында да Жұмырдың торғайлық екені анық айтылған. Яғни, бұл – сол Міржақыпты Әулиеатаға шақырған азамат. Міржақып та танымал адамның шақыртуын қабыл алуы екіталай екені анық. Оның үстіне М.Дулатов та сол Ыбырай мектебінің түлегі болғанын айта кеткен жөн.

Өз түлектерімен бірге Ыбырайдың Әулиеатаға құда болғанын да айта кетейік. Әрине, өз құда болып келе алмады. Әйтсе де, тағдырдың қосуымен

Ыбырайдан қалған жалғыз түйір немере – Нағима Ыбыраева мойынқұмдық азамат Бәйдібек Амангелдиевтің жары атанды.

Ыбырайдың өзі кеткенмен, атағы мен ел алдындағы беделі Кеңес өкіметі орнаған соң жалғыз тұяқ ұлы Абдоллаға таяқ болып тиді. 1928 жылы қазақтың ірі байларын тәркілеу, жер аудару науқаны басталғанда Абдолла да «бай» санатына енгізіліп, туған жерден отбасымен қуылды. Әрине, бай болғаны шамалы. Айыбы – әкесінің оқу-ағарту ісіне қосқан үлесі. Бұл кезде оның қолында 12 жасар жалғыз қызы Нағима ғана бар еді.

Жоғарыдан келген құжат бойынша олар Семейге жер аударылуы керек болатын. Алайда ол отызыншы жылдары қырғыз жеріндегі Токмакқа келіп тұрақтайды. Өкінішке қарай, қиын-қыстау заманда қазақ даласына ашаршылық нәубеті келіп, ел аштықтан, аурудан қырылып жатқан тұста Абдолланың өкпесіне суық тиіп, Нұрахмет Қошановтың қолында қайтыс болады. Жамбыл облысында, Қордайдағы зиратқа жерленген дейді. Бұл деректі жазушы Ақылбек Шаяхметтің құнды жазбаларынан таптым. Кейінірек сол ізбен Ыбырай ұрпақтарының бүгінде Жамбыл жерінде тұрып жатқанын да білдім. Сәйкестік пе, тағдырдың тәлкегі ме, Ыбырайдың әкесінің өліміне себепкер болған Хан Кене қаза тапқан жерде оның жалғыз ұлы да дүниесалды.

Нағима Ыбыраева Қырғызстанда тұрмысқа шығып, алғашқы күйеуі соғыста қаза табады. Одан бала қалмайды. Отызыншы жылдары қырғыз жеріне жансауғалап барған Бәйдібек пен Нағима елуінші жылдары отау құрады. Тұңғыш перзенті Табылды дүниеге келген соң көп ұзамай шетінеп кетеді. 1954 жылы Жұмакүл есімді қыз дүниеге келеді. Бүгінде апамыздың көзі тірі. Шу қаласында тұрады. Апамызбен хабарласқанда есінде қалған естеліктерін бөлісті. Бес жасқа келгенінде әкесі мен анасы елге қайтып, Мойынқұм ауданындағы Жамбыл атындағы кеңсарға көшіп барғанын айтты. Елге оралған соң, әкесі де, анасы да ұжымшарда қарапайым шаруа адамы болған. Тек анасы өзінің Ыбырайдың немересі екенін дәйектеп, заң тұрғысында сол мәртебені алуы Нағима әжейге үлкен олжа болды.

Уақыт өте келе ол туыстарымен де байланыс орнатқан. Жұмакүл апамыз бала кезінде анасының жақын ағайыны Мәриян Хәкімжанованың үйінде болғанын еске алды. Нағима әжейді көзі тірісінде асылдың сынығы деп жиі кездесулерге де шақырыпты. Оның ішінде құрметтің зорын жасаған облыс басшысы Хасан Бектұрғанов екен. Оның сыйға тартқан пәтерінде ұрпақтары әлі күнге дейін тұрып келеді.

«Кеңес өкіметі кеткен соң, аласапыран кезең басталып, әркім өз басымен өмір сүріп жатты. Іздеушілер тек Қостанайдан ғана келетін болды. Тараз қаласында Ыбырай атамыздың есімін еншілеген №49 мектеп мұндағы дейін кездесулерге шақырып тұрды. Ыбырай Алтынсариннің 170, 180 жылдық мерейтойларында Қостанайда, Астанада ұйымдастырылған іс-шараларға ұрпағы ретінде біздерді шақырды», – дейді Жұмакүл апай.

Ол анасының Ыбырай мектебінің түлегі екенін де атап өтті. Төте жазуды да, кириллица мен латын қарпін де менгерген әжей ескі кітаптарды еркін оқыған екен. Сондай-ақ атасы Абдолланың жерлеу орнына қатысты: «Қорлайдың жері деп айтылғанымен, анасының көрсетуі бойынша Шу өңірімен шекаралас аймақта болуы керек», – дегенді де айтты.

Анасы Мойынқұмда 1993 жылға дейін тұрған. Кейін мемлекет сыйлаған пәтерге Тараз қаласына көшіпті. Онда ұлы Дулатпен, келіні Салимамен бірге ғұмыр кешіп, 1998 жылы 30 наурызда 82 жасында дүниеден өткен. Ыбырай Алтынсариннің немересі Нағима Абдоллақызы Ыбыраева Тараз қаласындағы «Зеленый ковер» зиратында мәңгі сая тапқан.

Осылайша, Ыбырай Алтынсариннің Жамбыл жерімен туыстық тамыры тереннен байланысып жатыр.

Назым ҚОЖАМАР,
Ш.Мұртаза атындағы
руханият және
тарихтану орталығы
«Дәстүр және өнер»
бөлімінің меңгерушісі



МЕНШІК ИЕСІ:
«Жамбыл-Тараз»
газетінің редакциясы» ЖШС

Қабылдау бөлмесі: 45-62-65

Бас редактор –
САЯТХАН САТЫЛҒАНОВ

Бас редактордың

орынбасары:

Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер:

Тілшілер:

Жарнама менеджері:

Нөмірдің кезекшісі:

Мұратхан ӘЛІМХАН

Кұрбанәлі ШАХАБАЙ

Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ

Арайлым ШАБДЕНОВА

Анель ТОТАНБЕВА

Дариха ҰМБЕТИЯРОВА

Сәндібек ДОСТАНБЕКОВ

54-66-64

Жансая БАЗАРБАЕВА

Кұрбанәлі ШАХАБАЙ

SMM БӨЛІМІ

Контент-редакторлар:

Жаннұр МУХАНОВА

Ақбота НҮРСЕЙІТҚЫЗЫ

Фото-видео монтажер:

Нұрлан БЕКТҮРСЫН

Авторлар пікірі редакцияның түпкілікті
көзқарасы емес. Қолжазбалар әдеби тұрғыда еңделеді және
авторға қайтарылмайды.
Ақпарат ақиқаттығына мақала авторы, ал жарнама мен
хабарландыру үшін тапсырма иелері жауап береді. «Jambyl-Taraz»
газетінің материалдарын көшіріп басу үшін
редакцияның келісімі керек.

Мекенжайымыз:

Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов, 7 «А»

e-mail: jambyltaraz1996@gmail.com

Жалпы тиражы: 11 496

Тапсырыс: 282

Газет қазақ және орыс тілдерінде аралас, аптасына екі рет шығады.

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін
және желілік басылымды есетке қою, қайта есетке
қою туралы №КЗ87VPY00060446 куәлік 2022
жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат
комитетінен берілген.

Жазылу индексі: 65605

Газет «ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ ӘЛЕМІ» ЖШС-де

басылды.

Тараз к., Төле би, 36 «Б».

Газет мекенжайыңызға уақыттылы келмесе,

мына телефондарға хабарласыңыз:

8 771 088 644 8 705 789 70 74